

## СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАҒА ЕРІКТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСУҒА КЕЛІСІМ

Мен спорттық-бұқаралық іс-шараға **өз еркіммен қатысатынымды растаймын (немесе заңды өкілі болып табылатын кәмелетке толмаған баланың қатысуына келісім беремін)** және төмендегілермен келісемін:

**Менің (немесе кәмелетке толмаған баланың) іс-шараға қатысуына медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқтығын растаймын және денсаулық жағдайына, сондай-ақ ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына жауап беремін.**

Іс-шараға қатысу барысында туындауы мүмкін тәуекелдерді, соның ішінде жарақат алу, денсаулық жағдайының нашарлауы, ауа райы жағдайлары және басқа да мән-жайларды **түсінемін және қабылдаймын.**

**Өзімнің (немесе кәмелетке толмаған баланың) іс-шараға қатысуы үшін, сондай-ақ іс-шара қағидалары мен ұйымдастырушылардың талаптарын сақтау үшін толық жауапкершілік аламын. Кәмелетке толмаған қатысқан жағдайда, оның қауіпсіздігі үшін қажетті бақылау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге міндеттенемін.**

Ұйымдастырушыға — Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-не қатысты мүліктік және өзге де талаптар қоймайтынымға келісемін.

Қажет болған жағдайда маған (немесе кәмелетке толмаған балаға) алғашқы медициналық көмек көрсетуге, оның ішінде медициналық қызметтерді тартуға **келісім беремін.**

Іс-шараны өткізу қағидаларымен танысқанымды **растаймын және оларды сақтауға міндеттенемін (сондай-ақ кәмелетке толмаған баланың сақтауын қамтамасыз етемін).**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-шараны ұйымдастыру және өткізу мақсатында менің (немесе кәмелетке толмаған баланың) дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Фото және бейнетүсірілім жүргізуге (менің / кәмелетке толмаған баланың қатысуымен) және алынған материалдарды Ұйымдастырушының ақпараттық және есептік мақсаттарында пайдалануға келісім беремін.